

УДК 94(574)А94

Мамырбеков Арафат Мажитович

т.ғ.к. Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.
arafat_mamyrbekov@mail.ru

Рахметуллин Аман Қапанұлы

т.ғ.к. Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.
aman1501@mail.ru

Ахметова Динара Мейранғалиевна

5М011400 магистранты тарих мамандығының ІІ курс, Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.
Dinara07@mail.ru

**1996-1999 ЖЫЛДАР ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН РЕФОРМАЛАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ
БІЛІМ–ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІ.**

Мақала Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1995-1999 жылдар аралығындағы әлеуметтік қиындықтарда қарамастан мәдени сананың қалыптасуын жеделдету кезеңін көрсетеді. Халық сауаттылығын арттыру, арнайы реформалар арқасында білім жүйесін қалыптастыру үрдісі айқындалған.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, мәдениет, тарихи сана, бағдарлама, шешім, білім.

Статья представляет собой значения о развитии культурного сознания в период политических трудностей 1995–1999 годов после обретения независимости Республики Казахстан. Это период повышение грамотности населения и развитие систем образование специальных реформ.

Ключевые слова: независимость, культура, историческое сознания, программа, решение, образование.

This article is a period on the promotion of cultural consciousness in the context of the political difficulties between 1995 and 1999 after the independence of the Republic of Kazakhstan. Increasing the population's literacy rate, and the weariness of the leather goods through special reforms.

Keywords: independence, culture, historical consciousness, program, education.

Қазақстан 1996 жылдан бастап бірінші рет 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі мерекесі ретінде атап өте бастады. Бұрынғы Достық күні жаңа қазақстандық дәстүрлі модернизациядан яғни жаңалану форматында өтетін болды. Көптеген мәдени жаңғырулардың нәтижелендіру кезеңіне көштік.

1997 жылы жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. 1930-1932 жылдардағы ұлы қасіреттің 65 жылдығы және сталиндік қуғын-сүргінге түскен ұлттық зиялылар қасіретінің 60 жылдығы атап өтілді. 1997 жылы 13 желтоқсанда Ақмолада саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық кешен ашылды.

Қазақстанның ұлтаралық келісімін күшейте отырып елімізде мәдени топтардың

араласу саясаты мәдени дамуда маңызды рөл атқарды. Қазақстан полиэтностық мемлекет, сол себепті мәдениет те аралас. Біріншіден, өзге этностарды бірге дамыта отырып қазақстанның мәдениетін палалельді дамыту, екіншіден, теңдес тірілген тілдік саясат, үшіншіден, зайырлы мемлекет қағидаларын ұстану, төртіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясын қолдау.

Қазақстан жаһандық мемлекет болуға жұмыс жасады. Оның негізгі дәлелі «Қазақстан -2030» стратегиясы. Мақасат, міндеттер көрсетіп отырғандай білім беру жүйесінің даму үрдісі 1997 жылдары жаңа кезеңге шықты. Мемлекет өз бойының дамуында ең басты міндеті –жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің көкейтесті және кең өрісті талаптарына сәйкес келетін, әрбір

азаматтың толыққанды сапалы білім алуына тең мүмкіндікті қамтамасыз ету.

Білім беру жүйесі «кеңестік білім беру» стандартында дамыды, қаржылық қиындыққа қарамастан, мемлекет барлық қазақстандықтардың тегін орта білім алуына кепілдік берді. Бұл ретте ақылы оқуға негізделген жекеменшік мектептердің ашылуына жағдай жасалды. 1994 жылы бүкіл елде небәрі 18 осындай мектеп болды, оларда тек 1 мың адам білім алды. Төрт жылдан кейін мектептер саны он есе артты, ал оқушылар саны 18 мыңнан асып түсті.

Заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы орта білім беру жүйесін модернизациялық жаңартудан өткізді. 1997 жылдан бастап оқушылар компьютерлік сауаттылықты меңгеруге қол жеткізді. 1998 жылы мектептерді компьютерлендіру мен бірінғай білім беру ақпараттық ортасын дамытуға жауапты арнайы ғылыми әдістемелік орталық құрды. Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер, сондай-ақ дарынды балаларға мектептен тыс білім беретін оқу орындары көбейе түсті. 1996 жылдан бастап мұндай мектептерге бюджеттен қосымша қаражат бөлініп тұрды. Кәдімгі мектептердің орнына гимназиялар мен лицейлер құрылды. Деректер бойынша (1996 жылы республикада 122 гимназия және 96 лицей, 1999 жылы -131 және 104 гимназия мен лицей жұмыс істеді). Әлемдік білім беру стандарттарына сай, бірлескен оқу орындары желісі қалыптаса бастады. 1996 жылы елде қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде білім беретін 28 қазақ-түрік лицейі жұмыс істеді.[1.14]

Елді жерлерден дарынды балаларды іздеп табу, олардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау –ел болашағын ойлаудан туған игілікті қадамдар. Мемлекеттік маңызы бар бұл міндетті шешу жүйелі іс-қимылды талап етті. 1998 жылы республикалық олимпиадалар мен оқушылардың ғылыми жарыстарын өткізумен айналысатын республикалық ғылыми-тәжірибелік «Дарын» орталығы ашылды.

Президент Н.Ә.Назарбаев білім беру мәселесін өзінің басты назарында ұстауға және азаматтардың, бірінші кезекте, жас буынның жаңа білім мен жаңа дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етуге, білім деңгейін арттыруға барлық мүмкіндіктерді жасады. Жасыратыны жоқ, көп пайда түсірмейтін, сол себепті коммерциялық құрылымдардың қызығушылығын тудырмайтын салаларда

ауқымды жобалар жасалынып, дамыту үшін билік басындағы адамдардың ықпалы керек болады. Президент лауазымы осындай мүмкіндіктерді жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер туғызды. Білім беру саласы, өкінішке қарай, осы салаға жатады, себебі ұзақ мерзімді салымдарды талап еткенімен, елеулі коммерциялық пайдаға жол ашпады. Сондықтан да Білім беру қоры құрылып оған Президенттің өз аты берілді. Халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа білім беру үлгісіне көшуді көздейтін бұл қор 1998 жылдың желтоқсанында құрылып, «Мирас» инновациялық мектептері мен балабақшалары ашылды.

Елдің беделін қорғап, отандық ғылымның болашағына деген сенімді нығайтқан балалардың талабын қолдап, білімін одан ары дамуға мақсатымен мемлекет тарапынан білім беру саласына үсті-үстіне қолдау көрсетті.

Президент Н.Ә.Назарбаев өз тарапынан мектеп жасындағы балаларды толықтай өз бақылауына алып отырды, 1998-1999 жылдары дағдарыс кезінде оқуын тастап кеткен 26 мыңнан астам бала мектепке қайтарылды. Мемлекеттік қаражат есебінен 182 орта білім беру ұйымдары, оның ішінде 46 жалпы білім беретін мектеп, 23 интернат, 6 кәсіби-техникалық мектеп қалпына келтірілді. [2.132]

Мемлекеттің жаңа мектеп оқулықтары болмады, осыған байланысты Үкімет арнайы бағдарлама қабылдады. Бағдарлама аясында 60 авторлық ұжым орта мектепке арналған оқулықтар жазуға кірісті. 1999 жылы 1-2 сынып оқушыларына алғашқы оқулықтар қазақ және орыс тілінде шығарылды. Оқу озаттарына «Алтын белгі» медалі тапсырылды. 1996 жылы қаңтарда «Білім туралы» заңға толықтырулар енгізілді. Білім беру жүйесін төрт деңгейге бөлді, ол-мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, міндетті орта, жоғары және кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім. 1999 жылы Қазақстанда 8,1 мың мектеп жұмыс істеді, мұнда 3,1 миллион бала білім алды. 1990 жылдардың соңында бастапқы кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждердің саны төрт жүзден асты. Жаңа экономика талабына сәйкес кәсіп түрлері көбейді. Жеке сервисті ұйымдастырушы, кәсіпкер, фермер-жалгер, ЭВМ операторы мамандықтарына дайындау басталды.

Қазақстанның орта білім беру жүйесі бірте-бірте 1990-шы жылдардың дағдарысты жеңді және туындаған мүмкіндіктерді пайдалана

отырып, дамудың жаңа деңгейіне көтерілді. 1996 жылы үшжүзден астам мамандықты қамтитын Жоғарғы білім берудің жаңа жіктеуші бекіді.

Халықаралық байланыстар нығайып, ынтымақтастық туралы келісім-шарттар жасалды. Сол жылдары Жоғарғы мектептің халықаралық ғылым академиясының рөлі елеулі болды. Оқу жоспарларына және бағдарламаларына тәжірибелер жүргізілді. Білім беру үрдісінің әртүрлі – блоктық, рейтингтік, модульдік, кредиттік нысандары қолданылды. Бакалавриаттың енуімен бес жылдық оқу төртжылдық болып ауыстырылды. Жоғарғы оқу орындарының арасында талапкер, студенттер үшін магистратура, аспирантура, диссертациялық кеңестерді ашу үшін бәсекелестік басталды.

Меклекеттік тегін оқу орындарымен қоса ақылы жекеменшік оқу орындары да пайда болды. Егер 1995 жылы мемлекеттік емес жоғарғы оқу орындары санының 30 пайызы болса, 1998 жылы олардың үлесі 53 пайыз болды. Халықаралық үлгілерге бағытталған жаңа университеттер ашылды. 1996 жылы Алматыда (Қаскелең қаласы) С.Демирел атындағы жеке мәртебесі бар университет ашылды. 1999 жылы жеке бастама бойынша Алматыда Қазақстан-Неміс университеті ашылды. [3.92]

Сонымен қатар 1996 жылы мамандандырылған академиялар, Алматыда СІМ дипломатиялық академиясы, Ақмола облысында Салық полициясы академиясы (1999 жылы) жұмыс істей бастады.

1998 жылы Алматыда Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінің және Біліктілікті арттыру институтының базасында Қазақстан Республикасы Президентіне қарасты Мемлекеттік қызмет академиясы құрылды. 1998 жылы жоғары оқу орындарында 250 мың студент (33 пайызы-қазақ тілінде, 67 пайызы -орыс тілінде), соның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен -164 мың адам білім алды. Алайда, көптеген білім ордалары, әсіресе жекеменшік жоғарғы оқу орындары тек жекелеген мамандық иелерін – «экономист», «заңгер», дайындауды жүзеге асырды. Бұл арада елдің нақты қажеттіліктері ескерілмеді.

1999 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс негізінде білім беру гранттары мен кредиттерді конкурстық жолмен ұсынылатын студенттер контингені қалыптаса бастады. Бірінғай тестілеуді жүргізі үшін

Республикалық тестілеу орталығы құрылды. 1999 жылы 52 мемлекеттік жоғарғы оқу орнына жаңа ережелер бойынша 7 мыңнан астам талапкер түсті.

Білім беру саласындағы қарқынды реформа Қазақстанның жоғарғы білім беруді үйлесімге келтірудің еуропалық үдірісі- Болонья процесіне қосылуына алғышарттар туғызды. Осылайша, қазақстан жоғарғы білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және мамандар даярлауды жас мемлекеттің нақты экономикалық қажеттіліктеріне бейімдеуді бұрынғыдан да жақсартуға бағыт алды. [4.212]

Бұл кезең, бір жағынан осы саланы түпкілікті либералдандыру, екінші жағынан, білім берудің барлық сатысында оқыту сапасын жақсарту, отандық жоғары оқу орындарын әлемдік стандарттарға сәйкес «тарту» сияқты ерекшеліктермен сипатталады.

1990-шы жылдардың екінші жартысындағы экономикалық қиындықтар мен бюджеттің мүмкіндігі шектеулі болуына қарамастан, мемлекет отандық ғылымға қолдау көрсетуге, оны дағдарыстан алып шығып, жаңа деңгейге көтеруге ұмтылды. 1996 жылдың наурыз айында қабылданған Жарлық бойынша Ғылым академиясы, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдар академиясы мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі Үкіметтің құрамындағы орталық атқарушы органға – Ғылым академиясына бірікті. Ғылыми-техникалық даму мәселелері бойынша кеңейтілген республикалық кеңесте ғалымдардың пікірінше, жаңа нарықтық жағдайларға ең сай келгені-ғылымды қаржыландырудың бағдарламалық нысаналық әдісі болды. Бюджет ақшасынан үміткер жобалар халықаралық ғылыми қоғамдастықтағы көпшілік мақұлдаған нысандар бойынша мемлекеттік сараптамадан өткізіле бастады. Сонымен бірге, ғылыми талдамаларды басқа елдерге сату және халықаралық гранттар сияқты басқа да сыртқы қаржыландыру көздері болды. 1996 жылы, осылайша, ғылым саласына 12 миллион доллардай қосымша қаржы тартылды. [5.2]

1996 жылы маусым айында республикалық Ғылым академиясы өзінің 50 жылдығын атап өтті. Президент Н.Ә.Назарбаев Ғылым академиясына үлкен жауапкершілік артқанын –оны батыл ойлар генераторы болып, инновациялық жобаларды әзірлеуде жетекші рөл ойнауға міндеттейтінін ерекше атап өткен болатын. Өкінішке қарай, Академия бұл міндеттерді орындай алмады және көп ұзамай

барлық ғылыми саланы қайта ұйымдастыру керектігі белгілі болды. 1999 жылы академиялық институттардың барлығы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің қол астында қалып, Ғылым академиясының құрамынан шығарылды. Академияның өзі ғалымдардың қоғамдық бірлестігі болып қайта құрылды. Жалпы алғанда, 1990-шы жылдардың соңында қазақстандық ғылым аса қанағаттанғысыз жағдайда болып қала берді. 1998 жылға қарай ғылыми мекемелердің штаттраы үш есе дерлік, республикалық бюджеттің ғылыми талдамаларға жұмсалған шығындары алты еседен астам қысқарды. Осыған байланысты қазақстандық ғалымдар патенттейтін өнертабыстар, сондай-ақ

олардың, әсіресе шетелдік басылымдардағы ғылыми жарияланымдарының саны күрт азайды. [6.238]

Ғылыми ұйымдардың саны 350-ге дейін өскеніне, сонымен бірге, бес Ұлттық ғылыми орталықтың құрылғанына қарамастан, ғылым саласындағы жағдай сол кезеңде айтарлықтай өзгерген жоқ.[7.1]

Дәл осы кезеңде ғылыми жүйені сол уақыттың экономикалық талаптарына сәйкес жаңғырту жүргізілді. Ғылымды жүйелі дамыту мен оны тиісті нормативтік, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық тұрғыда қамтамассыз ету үшін база құрылды. Осы базаның арқасында мемлекеттің білімдік жүйесі бір сарынға түсіп, өз жемісін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы 14 бет
2. Дамитов Б.К. Жоғары білім бойынша заңды және нормативті құжаттар жинағы. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі.- А., 1996.-132б.
3. Современное состояние высшего образования в Республике Казахстан// Вестник высшей школы- А., 2005.-С.92.
4. Н.Ә.Нарзарбаев. Тәуелсіздік дәуірі. Алматы 2017 ж. 212 бет;
5. <http://www.edu.gov.kz>
6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
7. Источник: <https://e-history.kz/kz/publications/view/1716> , © e-history.kz

Мамырбеков Арафат Мажитович

Лауазымы: т.ғ.к. Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.

Мекен жайы: индекс. **071411**. Семей қаласы, Уранхаева, 45

Ұялы тел: 87011827272

Рахметуллин Аман Қапанұлы

Лауазымы: т.ғ.к. Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.

Мекен жайы: индекс. **071411**. Семей қаласы, Глинки, 31

Ұялы тел: 87478702143

Ахметова Динара Мейранғалиевна

Лауазымы: 5M011400 магистранты тарих мамандығының II курс, Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.

Мекен жайы: индекс. **071411**. Семей қаласы, Физкультурная, 9/1

Ұялы тел: 87784348743

1996-1999 жылдар . Қазақстан қоғамын реформалау кезеңіндегі білім–ғылым жүйесі..

Мамырбеков Арафат Мажитович

Должность: к.и.н. г Семей, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Адрес: г Семей, Уранхаева, 45

Моб .: 87011827272

Рахметуллин Аман Қапанович

Должность: к.и.н, г Семей, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Адрес: г Семей, Глинки, 31

Моб .: 87478702143

Ахметова Динара Мейранғалиевна

Должность: бакалавр 2 курса, специальность 5M011400 История, г Семей, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Адрес: г Семей, Физкультурная, 9/1

Моб .: 87784348743

1996-1999 годы. Система образования и науки в период реформирования общества Казахстана.

Mamyrbekov Arafat Majitovich

Position: Candidate of Historian Sciences, Semey, Kazakh Innovative Humanitarian Law University

Address: Index. **071411**. Semey, Uranhaeva, 45

Mobile: 87011827272

Rakhmeyullin Aman Kapanovich

Position: Candidate of Historian Sciences, Semey, Kazakh Innovative Humanitarian Law University

Address: Index. *071411*. Semey, Glinki, 31

Mobile: 87478702143

Akhmetova Dinara Meyrangaliyeva

Position: 2nd year undergraduate, specialty 5M011400 History, Semey, Kazakh Innovative Humanitarian Law University

Address: Index. *071411*. Semey, Fizkulturnaya, 9/1

Mobile: 87784348743

1996-1999. Education and Science System during the Reformation of Kazakhstan Society.